

Сырдария өзені

Орындаған: 8 “а” *Қыстаубаев Ернұр*
Амангелдіұлы

Тексерген: *Қоңыров Наурызбай*

Сырдария — Орталық Азиядағы Сырдария — Орталық Азиядағы өзен Сырдария — Орталық Азиядағы өзен. Ол кейде көне грек тіліндегі Сырдария — Орталық Азиядағы өзен. Ол кейде көне грек тіліндегі *ὁ Ἰαζάρτης* деген аты бойынша Яксарт деп аталады. Өзеннің грекше аты көне парсы тіліндегі *Yakhsha Arta* («Үлкен маржан») деген сөз тіркесінен бастау алады, бұл өзеннің суының түсінен пайда болған. Ортағасырлық мұсылман жазбаларында өзен жұмақтағы төрт өзеннің бірінің атымен «Сейхун» (سیحون) деп аталған. Амудария өзені болса «Жейхун» деп аталған, бұл жұмақтағы төрт өзеннің тағы бірінің аты. Қазақстанда жергілікті тұрғындар оны күнделікті тілде «Дария» деп атайды.





Сырдария өзенінің атаулары

Гай Лэ Стрэнждің «*The Lands of the Eastren Caliphate*» (Шығыс Халифат елдері) атты кітабы Сырдария өзені жайлы мәліметтер келген. Сырдарияның Шаи деп аталғандығын жазған. Жергілікті халық Шаи өзені десе әл-Мустауфа 14 ғасырда Моңғолдар оны Гүлзариян деп атайтын еді дейді. Арабтар Сейхун деп атаған. Ал түріктер Сырдария немесе Сырсу деп атаған. Бартольдтің «Орта Азиядағы Түріктердің тарихы» атты кітабының 53 бетінде Сырдария өзені жайлы мәліметтер келген. Абу әл-Ғазидә осылай атаған. Ибн Хауқал Сейхун өзені түрік елдерінен шығып ағады деп айтқан. Ибн Хауқалдың айтуынша таудан аққан бұл өзен Арал теңізіне барып құяды. Араб саяхатшылары Сейхун Жейхун өзені секілді, онда кемемен жүзуге болады дейді. Қыс мезгілдерінде ұзақ уақытқа өзеннің бетінде мұз қатады. Осы себепті өзеннің үстінен арбалар жүре беретін.

Сырдарияның төменгі ағысы

Сырдарияның төменгі ағысындағы өңірдің геологиясын, геоморфологиясы мен бедерін, климатын, өсімдігін, топырағын, жер Сырдарияның төменгі ағысындағы өңірдің геологиясын, геоморфологиясы мен бедерін, климатын, өсімдігін, топырағын, жер бетіндегі және жерасты су қорларын, Арал теңізінің экология-географиялық жағдайын, теңіздің тартылу себептерін, шаруашылық салаларының (егіншілік, мал өсіру, балық өндірісі) дамуын, суармалы жердің мелиоративтік күйін, қоршаған ортаның химиялық заттармен ластануын талдаған әдебиеттерге шолу жасалды.





- *Сырдария өзенінің төменгі ағысының табиғи ландшафт құрылымы табиғи-геологиялық кезеңдерде қалыптасқан. Сыр өңірі ландшафтысының қазіргі күйінің қалыптасуына соңғы жылдардағы табиғи, антропогендік әрекеттің әсері үлкен болып отыр және шешуші орын алады. Табиғи ландшафттың құрылысын анықтайтын негізгі факторлар: жергілікті жердің геологиялық құрылысы, тектоникалық даму тарихы, жер бедерінің генетикалық ерекшелігі, климаттық, топырақ-өсімдік жағдайы мен қазіргі жер бедерін түзуші факторлар. Жер бедерінің әртүрлілігі негізгі ландшафт құрушы фактордың бірі ретінде зерттеу аймағының табиғат кешенінің алуантүрлілігін көрсетеді*



Ертеде Сырдария аумағында өмір сүрген сақ-скифтер, өзеннің төменгі ағысын және Арал өңірін Силис, ал Сырдың орта ағысын Яксарт деп атаған (қараңыз: Кляшторный С. Яксарт – Сыр-Дарья // СЭ. – 1953. – №3). Мұндағы, өзеннің Яксарт атауын X-XI ғасырлардан дерек берушілер әл-Масуди – Яхиарт (Тахиарт), әл-Бируни – Хашиарт деп атап кеткен. «Яксарт» сөзі әртүрлі тілдегі аудармаларына қарай мағыналары да өзгеріп отырады. Мысалы, қытай тілінде – «Нағыз інжу өзені», көне иран тілінде – «Інжу өзені», түрік тілінде «Інжу өзен», моңғол тілінде «Үлкен өзен», парсы тілінде – «Суық өзен» деген мағыналарына ие. Осындай мағыналарға тән Яксарт сөзі түрік тіліндегі мәнін айрықша талдауға негіз бар.








Сырдария өзенінің ұзындығына байланысты қыста оның жоғары беті Қазақстанға қарағанда едәуір қоңыржай белдеуде болады. Сондықтан, егер қыста көптеген өзендер қатып қалатын болса, сырдария өзенінің жоғарғы ағысында мұздан босап, өзінің төменгі ағысында әсіресе, Қызылорда облысында су тасуына әкеп соғады. Су тасуы табиғи себептермен немесе қар еру және ағыстың жоғарғы жағында орналасқан су қоймаларына тасталған қалдықтар әсерінен болуы мүмкін. Мұзды бөгеттер ағындарды ұстап тұрады, нәтижесінде су жайылма бойымен ағып төгіледі. Мұндай жағдай әсіресе, 2004 – 2005 жылдардың қысында қатты байқалды.

Сырдария өзені алабының су ресурстары көлемі жағынан 38,6 шқ 3 (жылдық табиғи ағыс 90 пайыз, қамтамасыз етілуі 28,2 шқ 3) жылдық мөлшермен есептеледі. 1982 жылы алапта Сырдария өзенінен суды беруді таратуды лимиттеу енгізілді. Сырдария өзені алабында күрделі жағдай қалыптасты. Бұл аймақтағы су шаруашылығы жағдайының күшеюі соңғы жылдары тұрғындарды, өнеркәсіптерді және ауыл шаруашылығын таза сумен қамтамасыз етуді қиындата түсті.

Сырдария өзенін коллекторлы – дренажды және ағысты сулармен ластау аймақтың экологиялық жағдайын нашарлата отырып, адамдар денсаулығына және өмір сүрудің санитарлы жағдайына кері әсер етті. Сырдария өзені алабынан орташа есеппен әр түрлі қажеттіліктер үшін жылына 12 мың млн. м³ су алынады, оның ішінде 9600 млн.м³ суармалы егіске жұмсалады. Сонымен қатар суармалы егіс шамамен 2 300 – 3391 млн.м³ коллекторлы - дренажды суды қосады. Оның ішінде жылына 980 млн.м³ су тікелей Сырдария өзені алабына келіп құйылады. Қалған бөлігі табиғи еңіс жерлерге ағып кетеді немесе көп жағдайда, қайта суғаруға пайдаланады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ!!!